

Студенттердің кәсіби практикасы

6B07260 – «Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы» мамандығының оқу жоспарына сәйкес практикасы:

Оқу практикасы (2 кредит 36 сағат);

1-ші өндірістік практикасы (4 кредит 60 сағат);

2-ші өндірістік практикасы (4 кредит 60 сағат) ;

Дипломалды практикасы (8 кредит 120 сағат);

«Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы» кафедрасының өндіріс базалары: «Azala textile» ЖШС , «Azala cotton» ЖШС «Шымкент ПОШ» ЖШС , «Шымкент Кашемир» ЖШС, «Назар текстиль» ЖШС «Меланж»АҚ, «Ақ Алтын» ЖШС, «Бал Текстиль» ЖШС, «Әлем-БТ», «Бал декор » ЖШС, «НИЦ Жаңа жоба ЖШС», Текстильная фабрика «ВАЕР ЖШС», «Оңтүстік былғары» ЖШС , «Туркестан Мақтасы» ЖШС, «Талапты» ЖШС, «ХПК Мақталы» ЖШС, «Бағара мақта» ЖШС, «Хлопкопром целлюлоза» ЖШС, «Қазақстан мақтасы» ЖШС, «ПОШ Тараз» ЖШС, «Технолог» ЖШС.

Студенттердің практика алдында кәсіпорындарға бөлу жүргізілді. Студенттер қайда баратынын толық сараптайды. Практика басталардан алдын ұйымдастыру-әдістемелік материалдар, практикасының барлық түріне бағдарламалар дайындалды. Практика алдында, ұйымдастыру конференциясы өткізіледі. Студенттердің практика кезінде қандай материалдар жинауы тиіс екені көрсетілді. Практикадан кейінгі есептер кафедра шешімі бойынша құрылған комиссия қабылдады. Практиканың қандай өткендігі кафедра есептерінде тиянақты көрсетіледі. Практика біткеннен кейін кафедра жиналысы және факультеттің ұйымдастыруымен конференция өткізіледі. Практиканың сапасы практика бағдарламасымен салыстырылады. Жалпы есепті жылда өткізілген практикалар талапқа сәйкес деңгейде өткізіледі. Есеп беруді практика бойынша жетекшілік ететін комиссия мүшелерінің құрамындағы оқытушылар қабылдайды. Практиканы ұйымдастыру және жүргізу нормативті құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Практиканың өткізілу нәтижелері практика бойынша кафедра есебінде қарастырылады. Практика нәтижесі бойынша кафедра және конференцияларда жиналыс өткізіледі. Есеп беру мазмұны практика программасына сәйкес келеді. Практика бойынша есеп берулерді сақтау мерзімі және сақтау шарттары талапқа сәйкес келеді. Практика уақытында практика жүргізіле отырып ағымдық бақылау іске асырылады. Кафедрамызда барлық практика түрлеріне арналған практиканы өткізу және ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар бекітілген. Барлық әдістемелік нұсқаулықтар мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалған. Практикалардың жүргізілуін бақылауға арналған күнделіктер де бар.

Кесте 11.1 - Өткізілген практика туралы мәлімет

№	БББ, мамандық	тобы	Студенттер барлығы	Практика базаларының атаулары	Орташа балы	ОҒӨК	Ескертпе
1	2	3	4	5		6	7
1	6B07260 – Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы	ЖТ-20-4к1	22	ТМТжЖ кафедрасы		-	
2		ЖТ-20-4к2	21	ТМТжЖ кафедрасы		-	
3		ЖТ-19-4к1	25	«Бал текстиль» ЖШС		+	
4		ЖТ-19-4р	6	«Жана жоба» ЖШС» ЖШС		+	
5		ЖТ-18-4к1	23	«Әлем-БТ» ЖШС		+	
6		ЖТ-18-4дк	21	«Azala cotton» ЖШС		+	
7		ЖТ-18-4р	3	«Жана жоба» ЖШС » ЖШС		+	
8		ЖТ-17-4к1	24	«Azala textile» ЖШС, «Бал текстиль» ЖШС, «Жана жоба» ЖШС	4,7	+	
9		ЖТ-17-4к2	19	«Azala cotton» ЖШС, «Ақ Алтын» ЖШС, «Azala textile» ЖШС, «ӘЛЕМ БТ» ЖШС	4,6	+	
10		ЖТ-17-4к3	17	«Шымкент Кашемир» ЖШС, «Ақ Алтын» ЖШС, «Azala textile» ЖШС, «Бал Текстиль» ЖШС	4,8	+	
11		ЖТ-17-4р	8	«Жана жоба» ЖШС, «Azala textile» ЖШС	5	+	
Барлығы			189		4,6		

2020-2021 оқу жылында өткізілген практика түрлері бойынша мәліметтер

Оқу процесінің барысында, практикадан тыс ЖТ-18-4дк тобының студенттеріне Қалдықұлов М.С. жетекшілігімен «Бал текстиль» ЖШС-де экскурсия ұйымдастырылды.

ОҒӨК бойынша «Жаңа Жоба» ЖШС өндірісінің директоры, Ташменов Р.С. 6B07260 –ТМТжЖ мамандығының студенттерінің дипломдық жұмыстарына жетекшілік жасады және ЖТ-18-4дк тобының студенттеріне

«Бал текстиль» ЖШС-де «Жасанды талшықтар өндірісінің негіздері» пәні бойынша практикалық сабағы жүргізілді.

Оқу-әдістемелік жұмысы

2020-2021 «Бал текстиль» ЖШС-ң өндіріс бастығы Қарақұлов Н. және ТМТЖЖ кафедрасының оқытушысы Асанов Е.Ж. «Саланың технологиялық жабдықтары» пәні бойынша студенттердің өзіндік жұмысын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулық дайындады.

«Azala textile» ЖШС, «Жаңа жоба» ЖШС, «Ақ Алтын» ЖШС, «Бал текстиль» ЖШС өндірістерімен біріге отырып дипломдық жұмыстардың тақырыптары келісіліп дайындалды. Өндіріс жетекшілері студенттерге дипломдық жұмыстарына пікірлерін, бағаларын берді. Өндірістік, диплом алды практикалардың оқу ғылыми өндірістік кешенінде өткізу мәселесі қаралды.

Кафедрадағы практика бағдарламалары және мазмұндары өндіріс мамандарымен бірігіп қарастырылды және пысықталды.